

**Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының  
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы»  
коммуналдық қазыналық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**(2023-2024оқу жылдары)**

Бегалы ауылы 2024

## Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

### Мекеменің атауы:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық қазыналық мемлекеттік мекемесі

Пайдалануға берілген жылы: 2007 жылы «23» сәуір айында Қобда аудандық әкімдігінің шешімімен құрылды. Сыйымдылығы 25 орын.

Білім беру ұйымының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Бегалы ауылы, Төле би көшесі № 23

Қобда аудандық білім бөлімінің бұйрығы негізінде 2017 жылы 12 қаңтар айынан бастап Бегалы негізгі мектебінің ғимаратына көшірілді.

Занды тұлғаның байланыс деректері: 8(713)41-74-1-92, электронды поштасы [aigolek2023mail.bk](mailto:aigolek2023mail.bk).

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері: Утепова Жамал Турешовна 2021 жыл 5 қаңтар №23 бұйрықпен қайта тағайындалған.

### Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Қобда аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі 12.01.2021 жылы берілген, (қатысушылар): «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. БСН-070540006554, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 11.05.2007 жыл.



### Рұқсат беру құжаттары:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы басталғаны туралы 2021 жылғы 21 қаңтардағы №KZ64RVK00027174 хабарлама берілген.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Айгөлек» бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

### Балабақшаның жұмыс тәртібі:

Бөбекжай-бақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды. Барлығы аралаа бір топ. 1-5 жас аралығындағы балалар қабылданады.

Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Мекемеге балалардың келуі бекітілген жұмыс тәртібі бойынша таңғы сағат 8.00- ден, кешкі сағат 18.30 жүргізіледі.

### 2023-2024 оқу жылы

№	Педагогтардың аты – жөні	Білімі	Санаты, берілген уақыты	Курс.өткен жылы
1	Утепова Жамал Турешовна	Ақтөбе педагогика училищесі «Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие»	Жоғары 06.09.2019ж №197	18.11.2022ж. 12.10..2023ж.
2	Жотаева Назира Тулеубековна	Батыс Қазастан инженерлік-гуманитарлық университеті «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие»	«Педагог модератор» 2023 ж	22.06.2023ж.
3	Қоспан Шамшырақ Зейноллақызы	Көпсалалы «Болашақ» колледжі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»	«Педагог модератор» 14.12.2021 ж.	22.06..2023ж
4	Айжарыкова Клара Уримбасаровна	Ақтөбе «Дүние» университеті «Педагогика және психология»	«Педагог –зерттеуші» 30.12.2020ж № 276	15.04.2022ж. 04.04.2024ж.

### Педагогтардың жетістіктері.

#### Утепова Жамал Турешовна - директор

«Білім Педагогикалық Шығармашылық Орталығы» «Өрлеу» Алғыс хат 2023 ж

«Бала дарын» диплом –II дәрежелі -2023 ж.

«Мәңгілік ел жастары қоғамдық қоры»- алғыс хат -2023ж

«Bilimger.kz» Республикалық білім порталы – диплом I дәрежелі -2024ж

#### Жотаева Назира Тулеубековна -тәрбиеші

Республикалық шығармашылық суреттер, фотосуреттер, қолөнерлер және ашықхаттар байқауынан

–I орын Диплом «Көктем әуені естіледі» -2023 ж

«Білім Педагогикалық Шығармашылық Орталығы» «Өрлеу» Алғыс хат 2023 ж

«Бала дарын» диплом –II дәрежелі -2023 ж.

«Мәңгілік ел жастары қоғамдық қоры»- алғыс хат -2023ж

Аудандық білім бөлімінің алғыс хат -2023ж

«Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру аудандық кезеңінде III –дәрежелі диплом -2023ж

«Өрлеу» «Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» -алғыс хат 2023ж.

Астана қаласы «ОҚУ – АҢАРТУ» отралығының ұйымдастыруымен өткен «ЗЕРДЕЛІМ» атты казак тілінен онлайн байқауының жеңімпазы –II дәрежелі диплом 2024 ж.

Астана қаласы «ОҚУ – АҢАРТУ» отралығының ұйымдастыруымен өткен «ЗЕРДЕЛІМ» атты казак тілінен онлайн байқауының жеңімпазы –I дәрежелі диплом 2024 ж.

«Bilimger.kz» Республикалық білім порталы – диплом I дәрежелі -2024ж

«Bilimger.kz» Республикалық білім порталы – диплом I дәрежелі -2024ж

«Bilimger.kz» Республикалық білім порталы – диплом I дәрежелі -2024ж

#### Қоспан Шамшырақ Зейноллақызы- тәрбиеші

Республикалық шығармашылық суреттер, фотосуреттер, қолөнерлер және ашықхаттар байқауынан

–I орын Диплом «Көктем әуені естіледі» -2023 ж

Аудандық білім бөлімінің құрмет грамотасы -2023ж

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі»ММ «Өнеріміз саған –

Қазақстан» атты республикалық шығармашылық байқауының аудандық кезеңінде «Үздік шебер»

номинациясы бойынша II –орын. 2023ж.

«Білім Педагогикалық Шығармашылық Орталығы» «Өрлеу» Алғыс хат 2023 ж

«Бала дарын» диплом –II дәрежелі -2023 ж.

«Мәңгілік ел жастары қоғамдық қоры»- алғыс хат -2023ж

«Өрлеу» «Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» -алғыс хат 2023ж.

«Bilimger.kz» Республикалық білім порталы – диплом I дәрежелі -2024ж

Астана қаласы «ОҚУ – АҢАРТУ» отралығының ұйымдастыруымен өткен «ЗЕРДЕЛІМ» атты қазақ тілінен онлайн байқауының жеңімпазы –II дәрежелі диплом 2024 ж.

Астана қаласы «ОҚУ – АҢАРТУ» отралығының ұйымдастыруымен өткен «ЗЕРДЕЛІМ» атты қазақ тілінен онлайн байқауының жеңімпазы –I дәрежелі диплом 2024 ж.

### **Психолог- Айжарыкова Клара Уримбасаровна**

Аудандық білім бөлімінің –күрмет грамотасы -2023ж

Халықаралық «Өрлеу – өркендеу» «Парасатты педагог» байқауы –алғыс хат -2023ж

Халықаралық «Өрлеу – өркендеу» «Үздік –педагог» байқауы диплом –I орын -2023ж.

**Бөбекжай-бақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады.**

Педагогикалық кеңестер,тренингтер семинарлар жоспарға сай өткізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

Психологиялық қызметтің мақсаты:мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық саулығын қамтамасыз ету,әрбір баланың жеке басының дамуына толық көмектесу.Бөбекжай-бақшаның психологы К.У.Айжарыкова балабақшаның психологиялық қызметі дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру мақсатында және балабақшаның тәрбие беру ортасында арнайы жағдайды қалыптастыра отырып, баланың психологиялық дамуын жақсарту мақсатындағы міндетін балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру, балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау , балаларды индивидуальды және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру , көңіл – күйлерін ұйымдастыруға қатысу, педагогикалық ұжымды және ата – аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен ақыл – кеңестермен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру болып табылады.

Педагогтармен жұмыс – педагогтардың жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсартуға көмек беру, жас тәрбиешілерді ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл – кеңестер беру. / баяндама, тренингтер, тәрбиешілерден сауалнама алу «Баланың даму қылықтарына баға беру» тақырыбының нәтижесін қортындылауда «Баланың тілін дамыту, эстетикалық тәрбие беру» тақырыбында кеңес берілді. Тәрбиешілердің өзіне деген көзқарасын анықтау мақсатында «Сіздің мінезіңіз», «Қай ағашты тандайсыз?» суреттік тест жүргізілді.

Әр топтың тәрбиеленушілерінен сөздік – логикалық ойлау, қортындылау, талдау, салыстыру/ диагностикалық жұмыстары алынып, әр топтың коррекциялық карталары толтырылды.

Журналдар – дамытушылық журнал - түзету журналы – ақыл – кеңестік журналы.

### **Психодиагностика**

Балалардың, тәрбиешілердің, ата-аналардың, балабақша басшыларының психологиялық ахуалын зерттеу мақсатында, мынадай зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Балалармен жұмыс: балалардың балабақша жағдайына бейімделуі, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсетулер, балалармен танысып, топ тізімі дайындалды. Жылдың басында және жылдың аяғында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, әр топ балаларына арналған жеке папкаларындағы диагностикалау парақтары толтырылды.

Балалармен:

#### **- «Суреттерді есте сақта» әдістемесі**

Мақсаты: есте сақтау деңгейін анықтау. Бұл әдіс ересек топ «Жұлдыз», ортаңғы топ «Күншуақ» топтарымен жүргізілді.

*Нәтижесі:* «Жұлдыз» тобының есте сақтауының даму деңгейі – 67%

«Күншуақ» тобының есте сақтауының даму деңгейі – 25%

#### **- «Төртіншісі артық» әдістемесі**

Мақсаты: ойлау қабілетін анықтау.

*Нәтижесі:* «Жұлдыз» тобының ойлауының даму деңгейі – 79 %

«Күншуақ» тобының ойлауының даму деңгейі – 35%

#### **- «Не жоғалды?» әдістемесі**

Мақсаты: қабылдау деңгейін анықтау.

*Нәтижесі:* «Жұлдыз» тобының қабылдауының даму деңгейі – 72%

«Күншуақ» тобының қабылдауының даму деңгейі – 20%

#### **- «Айырмашылығын тап» әдістемесі**

Мақсаты: заттарды өзара салыстыру арқылы байқағыштық деңгейін анықтау.

*Нәтижесі:* «Жұлдыз» тобының зейінінің даму деңгейі – 75%  
«Күншуақ» тобының зейінінің даму деңгейі – 15 %

- «Суреттерде не жетіспейді?» әдістемесі

Мақсаты: қабылдау тұтастығын анықтау.

*Нәтижесі:* «Жұлдыз» тобының қабылдауының даму деңгейі – 77%  
«Күншуақ» тобының қабылдауының даму деңгейі – 25%

«Менің жанұям» әдісі барлық топтардан алынды.

Мақсаты: жанұялық қарым-қатынас ерекшеліктерін, баланың жанұядағы орнын анықтау.

*Нәтижесі:* балалардың салған суреттері зерттеліп, папкілеріне тіркелді.

«Мен қандаймын?» сауалнамасы барлық топтарда балалармен жеке жүргізілді.

«Баланың көңіл - күй түсі».

Мақсаты: ұнататын түсіне қарай баланың мінезін анықтау.

Бұл әдіс ортаңғы және II кіші топтардан алынды.

*Нәтижесі:* Кей топтарда түстерді ажырата алмайтын балалармен тәрбиешілер жұмыс жасау ұсынылды.

### **Психокоррекция**

**Мақсаты:** дамыту – түзету сабақтары, тренингтер арқылы, бала жасы бойынша психологиялық дағдыларды қалыптастыру, өзара қатынас деңгейін жоғарлату.

**Міндеттері:** танымдық процестерін дамыту, баланың эмоционалдық әлемін кеңейту, тұлғалық ерекшеліктерін ашып дамыту.

Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында «Көңілді шеңбер»; «Орнынды тап»; «Ойыншықты сипатта»; «Сөзді есте сақта» ойындары, қабылдау қабілетін дамытуға арналған ойындар: «Ине мен жіп»; «Бұл қашан болады?»; «Кім қалай дыбыстайды?»; «Гүлдер»; «Не үлкен?», ойлауды дамытуға арналған ойындар: «Көңілді сөз»; «Өз іс-әрекеттерін бақылау», зейінді тұрақтандыруға арналған ойындар: «Құлақ - мұрын»; «Өз орнынды тап»; «Дайын бол!» қиялды дамытуға арналған жаттығулар: «Менің көңіл-күйім»; «Не істер едің?»; «Суретті аяқта» жүргізілді.

### **Психопрофилактика**

**Мақсаты:** тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерді шешуге дайындау.

Ата-аналар жиналысында:

- «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы кеңестер берілді.

Ата-аналар мен тәрбиешілерге психологиялық тексеру нәтижесімен таныстырдым, баланың психологиялық дамуының жақынаралық қиын жағдайларда анықтап кеңестер бердім, ата-аналар мен тәрбиешілерге жанұялық тәрбиеге қатысты мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы кеңестер берілді, сұраныс бойынша жұмыстар жүргізілді.

Баланың жас ерекшеліктеріне байланысты ата-аналармен жұмыс жүргізілді. Ата-аналар мен педагогтарға «Балалардың психологиялық саулығы балабақша жұмысының басты міндеті» атты топтық кеңестер берілді. Ата –аналар жиналысына қатысып, ата-аналардан сауалнама, тест алынды. «Баланыз бөбекжайға қалай бейімделді» «Балаға жеткілікті көңіл аударасыз ба? «Сіз қандай анасыз?» сауалнама, тест алынды,

«Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері», «Баланың балабақша жағдайына бейімдеу», балабақшаға деген көзқарасын дамыту мақсатында ата-аналарға психологиялық кеңестер өткізілді.

«Құнды қасиеттер» «Болады, болмайды» тренингі жеке тұлға ретіндегі қасиеттерін қалыптастыру мақсатында өткізілсе, ата –аналардың өзекті мәселелерін анықтау мақсатында, осыған байланысты түзету дамыту жұмысы тренинг жүргізілді.

Сәуір айында балалардың мектепке интеллектуалдық – психологиялық даярлығын анықтау мақсатында «Баланың мектепте оқуға дайындығының психологиялық бағыттары» тақырыбында кеңес беру жұмысы жүргізілді.

**Әкімшілікпен, тәрбиешілермен, жүргізілген жұмыстар:**

- «Мен қандай тәрбиешімін»
- «Сіз қандай басшысыз?»
- «Менің мамандығым тәрбиеші»
- «Темперамент типін анықтау»
- «Қарым-қатынастағы агрессия»(А.Асингер)
- Іскерлік ойын «Қарым-қатынаста қандаймыз?»
- «Жаксы көңіл-күй жан қуанышы» тренингтік жаттығулар.

- Тәрбиешілерге «Сіздің мінезіңіз қандай?» тест

### **Ата – аналармен жұмыстың негізгі бағыттары:**

«Сіз қандай ата – анасыз?», тест, «Балаңыз мектепке дайын ба?» сауалнама. Ата-анаға кеңестер «Баланың балабақшаға бейімделуі», ата – аналарға ұсыныс жаднамалар, «Көңіл күй» терапиясы ересек топ ата – аналармен тренинг, «Баланың дамуына не кедергі болуы мүмкін?», «Ең ақылды, сыйлы, сабырлы ата – ана» тренингтер өткізілді.

Жанадан қабылданған балалармен және оның ата – аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілді. Баламен жеке жұмыстар, ата – аналарға «Егерде балаңыз сөйлемесе», «Балалар үшін смартфон мен планшеттің қауіпі», кішкентай бүлдіршіндердің «Балабақшаға бейімделу» кезіндегі ата – аналарға кеңес; «Таза ауада серуендеудің пайдасы» тақырыптарында кеңестер берілді. Тәрбиешілер мен ата – аналардың біріккен жұмыстарын психологиялық кеңестер, тренингтер арқылы жүргіздік.

Тәрбиешілер ертегі терапиясы орталығын дайындап, бес білім беру саласында балалардың сөздік қорын байытуға, ересектердің айтқан сөзін қайталауды, өз отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы қойылған сұрақтарға жауап беруді үйрету, саусақ ойындарын ойнату, қуыршақтармен, ойыншықтармен қойылатын күрделі емес шағын сахналық қойылымдарды көрсету, бөбектердің қысқа сөз тіркестерін қолданып өтініш жасауды және сөйлемдерді анық жеткізе білуіне оң әсерін тигізуде. Осы іс – әрекеттер көбіне бес аймақтарды кіріктіре отырып, балалардың айналасындағы адамдардың сөйлеу сөзін мұқият тындап, сөйлеу тілін түсіну, сонымен қатар ересектердің ауызша талаптарын орындау қабілеттерін дамытуға бағытталып отырады.

Бөбекжай тәрбиешілері ұйымдастырылған оқу қызметтеріндегі тақырыптарда, түрлі іс-әрекеттерде ауыз екі сөйлеуді дамытуға тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жасауды ұйымдастырып, күннің II-жартысында саусақ жаттығуларын үйретіп, осы жұмыс арқылы ұсақ моторикасын жетілдіру, сөздік қорын молайту жұмыстары атқарылды.

Тәрбиешілер әр сала бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу, қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар кеңінен қолданылды. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістеріне тоқталсақ тәрбиешілері мен психолог бірлесе отырып «Алақан», «Саусақпен салу әдісі», «Бастыру», «Құммен сурет салу әдісін» түрлі заттарды пайдалануды жақсы жолға қойылды.

Бөбекжай-бақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. «Денсаулық» білім саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Ертеңгілік жаттығу айдың екі аптасында затпен, екі аптасында заттыз өткізіледі. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-танертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру, релаксациялартыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Бөбекжай тәрбиеленушілерінің негізгі қимыл түрлерін игеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, ол үшін қимылды ойындарды көбірек өткізу, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, спорттық жаттығуларын орындату, спорттық ойындарға қызығушылығын дамыту бағыттары енгізілген.

Қимылды ойын кешен(картотека) дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады. Сонымен қатар бөбекжайда ерте жас тағы балаларға күтім жасау, тамақтандыру, санитарлық-гигиеналық сауықтыру шараларын ұйымдастырып жүргізу іске асырылады.

«Айгөлек» бөбекжай –бақшасында ақпан айында балабақшалар бірлестігі серіптестіктенр арасында «Бір тұтас тәрбие бағдарламасы» атты семинар өткізілді

### **Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы:**

МКҚК «Айгөлек» бөбекжайы балаларының біліктері мен дағдыларының дамуы бақылау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі. Қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы

р/с	Топ атауы	Бала саны	I деңгей Бала саны менгеру %	II деңгей	III деңгей
1	«Балапан» ерте жас тобы	3	3 бала -100 %	-	-
2	«Құлыншақ» кіші тобы	6	-	3 бала -50%	3 бала - 50%
3	«Күншуақ» ортанғы тобы	7	-	3 бала- 43 %	4 бала - 57 %
4	«Жұлдыз» ересек тобы	7	-	1 бала -50 %	1 бала - 50 %
5	«Айгөлек» мектепалды даярлық тобы	2	-	2 бала -100%	-
Типтік бағдарламаны жалпы менгеру деңгейі 100 % Барлығы -25 бала					

Бастапқы бақылауға 5 топтан барлығы – 25 бала; ерте жас тобынан -3- бала, кіші жас тобында -6 бала, ортанғы топта – 7 бала, ересек тобында – 7 бала, мектепалды даярлық тобында -2 бала қатысты.

Бөбекжай бойынша барлығы 25 бала қатысты.

Барлығы – 100 % көрсеткіш болды.

МКҚК «Айгөлек» бөбекжайы балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша аралық мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі.

Қаңтар айы, 2023- 2024 оқу жылы

Жас топтары	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту		Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей			
ерте жас	3	3	0	0	3	0	0	3	0	0	3	0	0	3	0	0
кіші топ	6	6	0	0	6	0	0	6	0	0	6	0	0	6	0	0
ортанғы топ	7	7	0	0	7	0	0	7	0	0	7	0	0	7	0	0
ересек	7	7	0	0	7	0	0	7	0	0	7	0	0	7	0	0
мектепалды даярлық	2	2	0	0	2	0	0	2	0	0	2	0	0	2	0	0
Барлығы	25	100 %	0	0	100 %	0	0	100 %	0	0	100 %	0	0	100%	0	0

Аралық бақылауға 25 бала қатысты.

Физикалық қасиеттерді дамыту төмен деңгейде-0-бала, орташа деңгейде -0-бала, жоғары деңгейде -25 бала.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту төмен деңгейде-0 бала, орташа деңгейде- 13бала, жоғары деңгейде – 12 бала.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту төмен деңгейде-0 бала, орташа деңгейде- 9 бала, жоғары деңгейде – 16 бала.

Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетін дамыту төмен деңгейде-0 бала, орташа деңгейде- 7 бала, жоғары деңгейде – 18 бала.

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды дамыту төмен деңгейде – 0 бала, орташа деңгейде-5 бала, жоғары деңгейде – 20 бала.

**МКҚК «Айгөлек» бөбекжайы балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі.**  
Мамыр айы 2023 - 2024 оқу жыл

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту		Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			
		олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде		
ерте жас	3	3	0	0	3	0	0	3	0	0	3	0	0	3	0	0
кіші топ	6	6	0	0	6	0	0	6	0	0	6	0	0	6	0	0
ортанғы топ	7	7	0	0	7	0	0	7	0	0	7	0	0	7	0	0
ересек	7	7	0	0	7	0	0	7	0	0	7	0	0	7	0	0
мектепалды даярлық	2	2	0	0	2	0	0	2	0	0	2	0	0	2	0	0
Барлығы	25	100%	0	0	100%	0	0	100%	0	0	100%	0	0	100%	0	0

Қорытынды бақылауға 25 бала қатысты.

Физикалық қасиеттерді дамыту төмен деңгейде-0- бала, орташа деңгейде -0- бала, жоғары деңгейде -25 бала.

Коммуникативтік дағдыдыларды дамыту төмен деңгейде-0 бала, орташа деңгейде- 0-бала, жоғары деңгейде – 25 бала.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту төмен деңгейде-0- бала, орташа деңгейде- 0- бала, жоғары деңгейде – 25 бала.

Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетін дамыту төмен деңгейде-0- бала, орташа деңгейде- 0- бала, жоғары деңгейде – 25- бала.

Әлеуметтік эмоционалды дағдыдыларды дамыту төмен деңгейде – 0-бала, орташа деңгейде-0- бала, жоғары деңгейде – 25 бала.

**Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс білім, білік, дағдылар мен көлемін және құзыреттіліктерді меңгеру тиіс.

«Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру, жалпы дамытушы жаттығуларды, қимылды ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайтуда балабақша педагогтары мен тәрбиешілері жұмыс атқаруда. Тәрбиешілер балаларды ересектермен дене жаттығуларын орындауды үйретіп, негізгі қимыл түрлерін игеруге, спорттық жаттығуларды орындауды- танертеңгілік жаттығуларда, дене тәрбиесі оқу қызметінде жаттықтырды. Салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруда тәрбиешілер күнделікті өмірден алынған әңгімелер, ситуацияларды қолданады. Денсаулықты сақтау технологиялары 3 бағытта жүргізіледі: Денсаулықты сақтау және ынталандыру; салауатты өмір салтына тәрбиелеу; коррекциялық (түзету). Бөбекжайда денсаулықты сақтау және ынталандыру бағытына мына технологияларды қолданады: қимылды және спорттық ойындар, релаксация, саусақ жаттығулары, тыныс алу жаттығулары, ойын түрінде, сауықтыру гимнастика. Балабақшаның негізгі жұмыс бағытының бірі- балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. «Денсаулық» білім саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-танертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту



сәттері, ұйқыдан кейінгі «Ұйқыашар» жаттығулары өтіледі. Бөбектердің ұйықтау кездерінде музтерапия мен ертегі терапиялары қолданылады.

«Қатынас» білім беру саласы сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Тәрбиешілер білім берудің осы саласында әр тақырыптарға сай өз қолдарымен жасаған лепбуктарды әрдайым ұтымды пайдаланады. Тілдік қарым-әдебиеті шығармаларына қызығушылығын қалыптастыру. Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулуарқылы жүзеге асырылады. Балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологиялардың элементтерін мүмкіндігінше пайдаланып, тәрбиеленушілердің танымдық ойларын дамыту, саусақ ойындарын, сенсорлық ойындарды ойнату арқылы шығармашылық дағдыларын, эстетикалық талғамдарын дамытып, қалыптастыру жұмыстары жүргізілді «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны сенсорика, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту. Қарапайым геометриялық пішіндер туралы түсініктерін қалыптастыру, түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту, қарапайым паздар мен құрылыстарды құрастыра білуге үйрету, табиғат құбылыстарына қызығу-шылықтарын тәрбиелеу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың сұлулығын байқауға үйрету; қоршаған ортамен әрекет жасау үшін бірлесіп әрекет ету білігін дамыту жолдарын қарастырдық. Күннің екінші жартысында, ұйымдастырылған іс-әрекетте балалар суреттен жануарларды тауып атайды, ерте жас топтарында жануарларды танып, олардың даусын сала алады, тәрбиеші көрсеткендей қимылдарын қайталап көрсетеді, ал кіші топта олардың сипаттық ерекшеліктерін атауға үйренген, кіші топта құрылыс материалдарын үлгіге қарап жетіспейтін бөлшектерін таба білу біліктері қалыптасқаны сонымен қатар құрылыс материалдарын пішіні, түстері бойынша топтастыра алуға үйренді. Көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі мен дәмі бойынша дұрыс атайды. Табиғаттың маусымдық өзгерістерін атай алады.

«Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыруда, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетін дамыту. Бейнелеу өнеріне, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарды тануға, шығармашылық қызығушылықты қалыптастыруда, қарапайым би қимылдары: шапалақтау бір уақытта аяқпен тарсылдату, сылдырмақпен қимылдар жасау, қимылдарды музыканың басталу сәтінен аяқталғанға дейін орындайды. (аю қорбаңдайды, қоян секіреді, құстар ұшады); би қимылдарын шеңбер мен түзу сызықта тұрып орындайды. Ерте жас топта балалар ән айтуға ынтасын танытады, ойын әрекеттерін музыкалық сүйемелдеумен орындауды біледі. Топ тәрбиешілері әр сала бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері /бастыру, алақан, саусақпен сурет салу/ бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып әртүрлі жұмыстар

жүргізілді. Қағазбен, қарындашпен, қылқаламмен, бояулармен, сазбалшықпен, майшаммен, тұзды камырмен, жұмыс жасауға дағдыланған, желімсіз жапсыру техникасын жетілдіру жұмыстарын, бейнелерді қағаз парағына толық орналастыруды, әр түрлі пішіндерді бейнелеуге үйрету арқылы тәрбиеленушілерді қызығушылығы арттырылады. Балаларды музыкалық шығармашылыққа, жақсыны сезінуге тәрбиелеу халық әндерін «Бесік жыры», «Тәй-тәй, балапан», «Қошаканым», «Отаным», «Жау-жау жанбыр», «Төлдер әні», «Бөпешім», «Айгөлек», «туған жер», «Балабақша», «Біз бақытты баламыз», «Бала- бала балапан», «Топ-топ балақан» т.б әндерді тыңдату арқылы да жүргізіледі. Жыл аяғында қағаз бетіне геометриялық пішіндерден қарапайым пішіндер (машина, үй, қар адамы) құрастырады және түстерін тауып орналастырады. Музыкалық шығармалардың (баяу және көңілді) әндер ажыратады, ән мағынасын түсінеді, музыкасы сипатына сәйкес қимылдарды орындайды. Музыкалық аспаптарды атайды, ересектермен бірге ән айтуға ынта білдіреді.

#### **Тәрбиеленушілердің жетістіктері:**

«Бала дарын» «Ұқыпты бала» атты республикалық байқау ІІ – дәрежелі диплом – 4 бүлдіршін.

«Мәңгілік ел жастары қоғамдық қоры» «Алтын бала -2023» республикалық шығармашылық байқауында «Суретші балақай» аталымы бойынша - диплом І орын -10 бүлдіршін.

Республикалық шығармашылық суреттер, фотосуреттер, колөнерлер және ашықхаттар байқауынан –І орын Диплом «Көктем әуені естіледі» -2023 ж- 4 бүлдіршін.

Астана қаласы «Оқу –Ағарту» орталығы онлайн республикалық «Алтын асық» олимпиадасы диплом –I дәрежелі – 4 бүлдіршін.

Астана қаласы «Оқу –Ағарту» орталығы онлайн республикалық «Алтын асық» олимпиадасы диплом –II дәрежелі – 4 бүлдіршін.

«Білім педагогикалық шығармашылық» орталығы «Өнерлі балақай-2023»байқауы аппликация бағыты бойынша диплом I орын -4 бүлдіршін

«Білім педагогикалық шығармашылық» орталығы «Өнерлі балақай-2023»байқауы көркемсурет бағыты бойынша диплом I орын -2 бүлдіршін

«Білім педагогикалық шығармашылық» орталығы «Өнерлі балақай-2023»байқауы « санааймыз» және «жазамыз» бағыты бойынша диплом I орын -3 бүлдіршін.

«Дарын» республикалық білім беру орталығы «Білімді мыңды жығады!» логикалық-интеллектуалды республикалық байқауы диплом –I орын – 4 бүлдіршін.

«Дарын» республикалық білім беру орталығы «Білімді мыңды жығады!» логикалық-интеллектуалды республикалық байқауы диплом –II орын – 6 бүлдіршін.

«BILIMGER.KZ.» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІЛІМ ПОРТАЛЫ «Қыс қызығы» байқауы диплом I – дәрежелі -5бүлдіршін.

Астана қаласы «Оқу –Ағарту» орталығы «Зерделім» атты қазақ тілінен онлайн байқауы диплом –I дәрежелі -2 бүлдіршін.

Астана қаласы «Оқу –Ағарту» орталығы «Зерделім» атты қазақ тілінен онлайн байқауы диплом –II дәрежелі -2 бүлдіршін.

#### **Қорытынды:**


«Айгөлек» бөбекжай – бақшасында оқу –тәрбие үрдісі мемлекттік білім беру стандарты мен нормативті – басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Бөбекжайда тамақтандыруды ұйымдастыру және медициналық қызмет көрсету өз денгейінде жүргізіледі. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүргізіледі, бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлар жасалынған.

Бөбекжайдың оқу –тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу – әдістемелік материалдық базасымен жабдықталған.

**Коммиссия төрағасы**

**Коммиссия мүшелері:**



Ж.Т.Утепова

Н.Т.Жотаева

К.У.Айжарыкова

